

Астана қаласы әкімдігінің "№3 арнайы мектеп" КММ

Логопедтің ата-аналарға арналған кеңесі

Тақырыбы: Баланың сөйлеу қабілеті дұрыс жетілуі үшін

Орындаған: Нұрлан М.Н.

Астана -

Баланың сөйлеу қабілеті дұрыс жетілуі үшін

Қазіргі қогамда тілі мүкіс не уақытынан кеш шыққан балалар саны коп. Бала деңсаулығына ана құрсағында жатқан кезден бастап көніл болғен азбал. Себебі, бала ағзасында пайда болатын аурулардың көпшілігі құрсақта жатқанда дамиды. Баланың сөйлеу қабілетінде болатын ақаулар сол кезден басталуы ықтимал. Тіл кемістігіндегі кей себептердің алдын алу мүмкін емес болғанымен, көп жағдайда бала тілінің уақытында шығуы тікелей ата-анаға байланысты.

Ата-аналардың бала тілін қызық көріп, олардың қате дыбыстаган сөздерін қайталауы дұрыс емес. Керісінше, бала ата-анасының сөйлегеніне қарап, сөзін түзеуі үшін әке-шеше әр сөзді анық дыбыстап айтуды қажет. Бала кішкене кезінен бастап өзге адамдардың қимылдарын қайталайтын қабілетке ие болса, оның ішінде артикуляциялық қимылдар да бар. Яғни, бала өзіне қарап сөйлеген адамның дыбыстау мүшелерінің қимылын да қайталайды деген сөз. Сол үшін баламен әңгімелескенде, оған қарата сөз айтқанда, әрбір қимыл-әрекетке мұқият болған жөн.

Баланың сөйлеу қабілеті дұрыс жетілуі үшін келесідей кенестерге көніл болғен жөн:

- ✚ Баланың сөйлеуі айналадағы адамдардың сөзіне еліктеу арқылы дамиды. Осыған байланысты, бала қоршаган ортада грамматикалық түрде дұрыс құрылған сөйлемді естігені дұрыс.
- ✚ Бала сөзінің алғашқы үлгісі – туыстарының сөзі. Ата-аналар балалары үшін ана тілінің алғашқы ұстаздары болып табылады. Отбасы - бұл бірінші мектеп.
- ✚ Ата-ананың көмегінсіз балаға дұрыс сөйлеуді үйрену киын. Баламен сөйлесінің, дауыспен сөйлеп, дыбыстар мен сөздерді дұрыс айтуда тырысының, бұл балаға дұрыс сөйлеуге көмектеседі.
- ✚ Баланың дұрыс айтылмаған сөзіне еліктеменіз, баланызды жалған ойдан шығарылған сөздерге үйретпеніз. Баланызben ням-ням (тамактану), мяу(мысық) және т.б. осы сияқты алмастырылған сөздермен сөйлеспеніз, әдеттегі сөздермен сөйлесініз. Эйтпесе, сіз баланың дұрыс сөйлеуін тежейіз.
- ✚ Бала сөйлегенде, қарапайым сөздермен, қысқа сөйлемдермен сөйлесіп, сөздер мен сөйлемдер арасындағы үзілістерді байқап көріңіз, сонда баланың сіздің сөйлеген сөзіңізге еліктеиді, дұрыс сөйлеуді үйренеді.
- ✚ Баланыздың былдырлап сөйлей бастаганына және алғашқы сөздерді айта бастауына назар аударыңыз. Егер баланың сөйлеу дамуы тежелсе, мамандарға жүгініңіз.
- ✚ Балаларға дұрыс сөйлеу дағдыларын үйретіп, балаға жылдам сөйлеуге жол берменіз. Асықпай, анық, дұрыс сөйлеу баланың дұрыс сөйлеуіне ықпал етеді.
- ✚ Күнделікті баланызben бірге бірнеше артикуляциялық жаттыгуларды орындаң тұрыңыз.

Артикуляциялық жаттыгулардың негізгі мақсаты тіл дыбыстарын дұрыс айтуга көректі сойлеу мүшелерінің қымыл – қозғалыстарын толық жетілдіру. Эр жаттыгуудың өзіндік аты бар және сол аттарын балалар есіне сақтап білуі қажет. Біріншіден, атаулар балаларды жаттыгу жасауга қызықтырады, екіншіден, жұмыс барысында уақытты ұнемдеуге мүмкіндік береді. Логопед әрдайым жаттыгууды қалай жасау шарттарын түсіндірмей тек оның атын айтса жеткілікті. Жаттыгуларды дұрыс орындау тәсілдеріне тоқталайық:

АРТИКУЛЯЦИЯЛЫҚ ЖАТТЫГУЛАР



“Бақа жымияды”

Айнаны ал да,
бақамен бірге жыми



“Піл тұмсығы”

Тілді бар мүмкіндігінше
алға қарай созып, ұшын
жоғарғы ерінге тигізбей
көтеру



“Тәтті тосап”

Тілді жалпақ етіп шығару
Жоғарғы ерінді жалау,
тілді ауыздың түп жағына
жинау



“Ине”

Ауыз ашық
Тілді бар мүмкіндігінше
алға қарай созып,
ұшын үшкірлеу

